Қазақстан Республикасы Астана қаласы әкімдігінің "Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі" ШЖҚ МКК		**Республика Казахстан ГКП на ПХВ "Школа искусств №1 имени Тәттімбет" акимата города Астана**
БҰЙРЫҚ		**ПРИКАЗ**

2026 жылғы «20» наурыз № 29 н/қ
Астана қаласы

2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәсілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бір көзден тікелей шарт жасасу туралы

Негіздеме:

2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауы, «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркендеген қоғам»; 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының №106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасы және 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасы; тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қажеттілігі туралы қабылданған шешім.

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәсілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бір көзден тікелей шарт жасалсын.
2. Бұл қызметті сатып алу туралы барлық қажетті жұмыстарды және тікелей шарт жасасуды Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманға жүзеге асырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Сүлеймен А.Б.**

ШЕШІМ

2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркендеген қоғам» атап көрсетілген:

«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру қажет. Негізгі басымдық – тауарлар мен қызметтердің төмен бағасы емес, сапасы».

2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәсілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бір көзден тікелей шарт жасап сатып алу қажеттілігін қарастырған кезде, бұл мәселе біртекті болып табылады және оны тек арнайы құзыреті бар жеткізуші ғана ұсына алады.

Бәсекелестік рәсімдер арқылы сатып алу тиімді емес, өйткені бұл қосымша уақыттық және әкімшілік шығындарға әкеліп, нәтиженің сапасын арттырмайды. Келісім шартты тікелей жасау тауардын сапасын, қызметпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұл Президент Жолдауында көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасын қамтамасыз ету басымдылығына сәйкес келеді.

Осыған орай және 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының №106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасы және 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес:

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәсілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы бір көзден тікелей шарт жасалсын

Директор **Сүлеймен А.Б.**